

БЕКІТІЛДІ
Республикалық адвокаттар
алқасының Төралқасының
шешімімен
«19» ақпан 2024 жыл

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігімен
«20» қыркүйек 2024 жыл

**Мемлекет Кепілдік Берген Заң Көмегін Көрсетуге
Адвокаттардың Қатысу Тәртібі Туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1) Негізгі қағидаттар мен түсініктер

1. Осы мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге адвокаттардың қатысу тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 28, 55-баптарына және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже:

1) адвокаттарды мемлекет кепілдік берген заң көмегін (бұдан әрі - МКБЗК) көрсетуге қатысу тәртібін;

2) адвокаттар арасында МКБЗК бөлу тәртіптерін анықтайды.

3. Осы Ережеде келесідей негізгі ұғымдар:

1) **мемлекет кепілдік берген заң көмегі (МКБЗК)** – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға көрсетілген Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде көрсетілетін заң көмегі мемлекет кепілдік беретін заң көмег;

2) **жауапты тұлға** – заң консультациясының басшысы, алқа Төралқасы аппаратының қызметкері немесе алқа Төралқасы адвокаттар арасында МКБЗК көрсету бойынша тапсырмаларды бөлу және басқа да мәселелерді үйлестіру үшін тағайындаған басқа тұлға;

3) **адвокатты тағайындау туралы қаулылар немесе ұйғарымдар** – қылмыстық процесті жүргізетін органдардың, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттілік берілген соттар мен органдардың (лауазымды адамадардың) қаулылары, азаматтық немесе әкімшілік істер бойынша соттардың ұйғарымы, сондай-ақ конституциялық іс жүргізу шеңберінде адвокаттар тағайындау туралы, адвокаттың қатысуын қамтамасыз ету және (немесе) заң көмегіне мұқтаж адамды оны төлеуден және қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы,

сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізу және бюджет қаражаты есебінен төленуге жататын сомаларды тағайындау туралы қаулылары.

4. Адвокаттардың МКБЗК қамтамасыз етуге қатысуы келесі қағидаттарға негізделеді:

1) адвокаттардың тәуелсіздігі – қылмыстық қудалау органдарының, прокуратураның, соттардың, басқа да мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар мен тұлғалардың МКБЗК-не қатысу үшін адвокаттарды іріктеу және олардың арасында МКБЗК көрсету бойынша тағайындауларды бөлу кезіндегі кез келген ықпалын болдырмау;

2) адвокаттар құқықтарының теңдігі – адвокаттардың тағайындалуына және МКБЗК көрсетуге қатысу үшін бірыңғай іріктеу өлшемшарттарына тең қол жеткізу құқығы;

3) қатысудың үздіксіздігі – адвокат МКБЗК-ін көрсету барысында өзі қабылдаған міндеттемелерді тағайындалған сәттен бастап толық орындағанға дейін қатысу; сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде МКБЗК шеңберінде заң көмегін көрсеткен адвокат, сондай-ақ төменгі сатыдағы соттармен істі қарау сатыларында заң көмегін көрсеткен адвокат МКБЗК-не адвокатты тағайындауда және сот ісін жүргізуге сол адвокат қатысады. Адвокаттың дәлелді себептермен қатысуы мүмкін болмаған жағдайда (ауруына, іссапарға шығуына, басқа клиентке заң көмегін көрсетуіне, адвокаттың МКБЗК-ге қатысу орнынан алыстығына байланысты) адвокатты басқа адвокатпен ауыстыруға жол беріледі;

4) аумақтық - шалғайдағы елді мекендерде МКБЗК көрсету үшін екі іргелес Алқа органдарының келісімі бойынша осындай орынға жақын орналасқан адвокат жіберілетін жағдайларды қоспағанда, әкімшілік-аумақтық бірлік шекараларында МКБЗК көрсетуге соның аумағында орналасқан Алқа мүшесі болып табылатын адвокаттың қатысуы;

5) мұқтаж адамдардың МКБЗК-не тең қол жеткізуі – қолданыстағы заңнамаға сәйкес (Заңның 28-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы) барлық тұлғалар МКБЗК-н алуға тең құқығы бар.

2) МКБЗК саласындағы құзырет

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы (бұдан әрі – Алқа):

1) Заңның 55-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, оның ішінде заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі «Е-Заң-көмегі»(бұдан әрі – «Е-Заң-көмегі»)АЖ) арқылы адвокаттардың МКБЗК-н көрсетуге қатысуын ұйымдастырады (Заңның 28-бабының 1-тармағы, 50-бабының 4-тармағының 4) тармақшасы);

2) жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей аумақтық әділет органына МКБЗК жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін жібереді (Заңның 28-бабының 1-тармағы);

3) МКБЗК жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін мезгіл-мезгіл жаңартып отырады және өзекті күйінде ұстайды (Заңның 28-бабының 4-тармағы);

4) жыл сайын 5 шілдеден және 5 қаңтардан кешіктірмей аумақтық ауылдық елді мекендерге мемлекет кепілдік берген заң көмегін қамтамасыз ету туралы ақпарат қамтылған адвокаттар көрсеткен МКБЗК туралы жиынтық есепті РАА ұсынымдарын ескере отырып уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша әділет органдарына «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы ұсынады (Заңның 28-бабының 11-тармағы);

5) осы Ережеге сәйкес өзінің жарғысында адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібін және соттың, қылмыстық қудалау органдарының тағайындауы бойынша адвокаттар арасында заң көмегін бөлу тәртібін қарастырады (Заңның 52-бабының 1-тармағы(8) тармақшасы).

6. Республикалық адвокаттар алқасы (бұдан әрі – РАА):

1) уәкілетті органмен келісу бойынша МКБЗК көрсетуге адвокаттардың қатысу тәртібін айқындайды (Заңның 28-бабының 1-тармағы);

2) МКБЗК көрсету жүйесіне қатысу үшін адвокаттарды іріктеу өлшемшарттарын бекітеді (Заңның 28-бабының 2-тармағы);

3) 25 желтоқсаннан кешіктірмей «Е-Заң-көмегі»АЖ-де МКБЗК көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін орналастырады (Заңның 28-бабының 6-тармағы);

4) адвокат көрсеткен МКБЗК туралы ай сайынғы есеп нысаны бойынша ұсынымдарды уәкілетті органға жібереді (Заңның 28-бабының 10-тармағы);

5) уәкілетті органға адвокаттар МКБЗК көрсеткен аумақтық адвокаттар алқасы жиынтық есебінің нысаны бойынша ұсынымдар жібереді (Заңның 28-бабының 11-тармағы).

7. Заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган) - заң көмегін ұйымдастыруды, сондай - ақ оның сапасын бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып табылады.

Уәкілетті орган Заңның 23-бабына сәйкес:

1) МКБЗК көрсететін тұлғалардың қызметін үйлестіреді;

2) МКБЗК көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

3) МКБЗК барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады;

4) МКБЗК жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді;

5) адвокат, заң консультанты көрсеткен МКБЗК ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін белгілейді;

6) жылына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауды және өзінің интернет-ресурсында жүйе туралы және МКБЗК көрсетудің негізгі қорытындылары туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді;

7) адвокат көрсеткен МКБЗК есепке алу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

8) адвокат көрсететін МКБЗК-ні төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекітеді;

9) мемлекет кепілдік берген заң көмегінің сапасын бақылауды жүзеге асырады.

2. МКБЗК көрсетуге тағайындауларды адвокаттар арасында бөлу тәртібі

1) Адвокаттың МКБЗК көрсетуі үшін негіздер

8. МКБЗК-ін қорғау не өкілдік түрінде көрсету үшін мыналар негіз болып табылады:

1) адвокатты тағайындау туралы қаулылар мен ұйғарымдар бойынша «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы адвокаттың тағайындауларды қабылдауы;

2) Алқаға қағаз тасығышта келіп түскен адвокатты тағайындау туралы қаулы немесе ұйғарым негізінде берілген Алқаның Жауапты тұлғасының тапсырмасы.

9. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі МКБЗК шеңберінде қорғау адвокат куәлігімен және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады, оның нысаны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келісуі бойынша 2018 жылғы 23 қарашадағы Адвокаттар алқалары республикалық конференциясының шешіміне № 2 қосымшамен бекітілген.

10. «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы тағайындау қабылданған жағдайларды қоспағанда, адвокаттың Жауапты адамнан тиісті қаулы немесе адвокат тағайындау туралы ұйғарым алмай, МКБЗК көрсетуге кірісуге құқығы жоқ.

11. МКБЗК алуға мұқтаж адам **тікелей** адвокатқа жүгінген жағдайда, **оған** МКБЗК алу құқығын іске асыру тәртібі **түсіндіріледі**.

2) МКБЗК көрсету бойынша тағайындауларды адвокаттар арасында бөлу тәртібі

12. Алқаның төралқасы алқаның адвокаттармен МКБЗК көрсету және Жауапты тұлғалар арқылы келіп түсетін тағайындауларды бөлу жөніндегі жұмысын ұйымдастырады.

13. Заң консультациясының жауапты тұлғасы осы заң консультациясында қызметін жүзеге асыратын адвокаттардың, сондай-ақ адвокаттық қызметті адвокаттық кеңселерде не заңды тұлға құрмай жеке-дара жүзеге асыратын, осы консультацияға алқа төралқасының шешімімен ұйымдасқан түрде бекітілген адвокаттардың МКБЗК көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

14. Алқада заң консультациялары болмаған жағдайда тағайындауларды бөлуді тікелей алқа Төралқасының Жауапты тұлғалары жүргізеді.

15. Тағайындауларды заң консультациялары арасында бөлу аумақтық және (немесе) мамандану (мамандандырылған консультациялар болған кезде) және (немесе) алқа Төралқасының шешіміне сәйкес біркелкілік қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

16. МКБЗК көрсету бойынша тағайындауларды адвокаттар арасында бөлуді Жауапты тұлға кезекшілік кестелеріне сәйкес жүзеге асырады.

17. МКБЗК көрсету үшін қағаз форматта адвокат тағайындау, сонымен қоса электрондық байланыс құралы арқылы тағайындау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) алқаға қағаз форматта, оның ішінде электрондық байланыс арқылы келіп түскен адвокатты тағайындау туралы процестік құжатты Жауапты тұлға кезекшілік Кестесіне және кезектілікке сәйкес адвокатқа береді;

2) адвокат Жауапты тұлғаға тағайындаудың қабылданғанын растайды;

3) адвокат МКБЗК көрсету шеңберінде қорғау (өкілдік ету) туралы хабарламаны қағаз форматта жазады.

18. МКБЗК электрондық форматта көрсету үшін адвокатты тағайындау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) «Е-Заң-көмегі»АЖ-не хабарлама түрінде кезекші адвокаттарға қорғаушы (өкіл) ретінде адвокат тағайындауға сұрау салу келіп түседі;

2) кезекші адвокат «Е-Заң-көмегі»АЖ-де сұрау салуды растайды немесе қабылдамайды;

3) «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы сұрау салуды қабылдаған адвокатқа тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ қорғаушыны (өкілді) тағайындау туралы қаулы келеді;

4) «Е-Заң-көмегі»АЖ-де МКБЗК шеңберінде электрондық форматта қорғау (өкілдік ету) туралы хабарлама автоматты түрде қалыптастырылады.

3) МКБЗК көрсету бойынша адвокаттардың кезекшілік кестесі

19. Тағайындау бойынша білікті заң көмегін көрсету үшін адвокатты таңдау Жауапты тұлға қалыптастырған кезекшілік кестесіне сәйкес жүзеге асырылады:

1) қағаз форматта;

2) «Заң көмегі» АЖ-де электрондық форматта.

20. Жауапты тұлға адвокаттар кезекшілігінің мынадай кестелерін жасайды:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының өндірісіндегі істер бойынша;

2) сотта қаралып жатқан істер бойынша;

3) құқықтық консультация беру бойынша.

21. Кезекшілік кестесі адвокаттардың МКБЗК көрсетудің барлық түрлеріне тең қатысу қағидатын сақтай отырып, өткен айдың 25 күнінен кешіктірілмей бір күнтізбелік айға жасалады және мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

1) кезекшілік күні, айы және жылы;

2) кезекші адвокаттардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), олардың байланыс телефондары;

3) Жауапты тұлғаның телефон нөмірі.

22. Адвокаттарды кезекшілік кестелерімен таныстыру мынадай біреу немесе бірнеше тәсілдермен жүргізіледі: «Е-Заң көмегі» АЖ-де дербес, жеке қол қою арқылы не оларды электрондық мекенжайға немесе адвокаттың ұялы телефонына электрондық хабарламамен жіберу арқылы. **Адвокат**

электрондық мекенжайға немесе ұялы телефонға электрондық хабарлама алған кезде «Қабылданды» деген қысқа хабарламамен жауап беруге міндетті.

23. Дәлелді себептер болған кезде адвокат МКБЗК жүйесіне қатысуды уақытша тоқтата тұру және қолданыстағы кезекшілік кестелеріне өзгерістер енгізу туралы арызбен Алқа төралқасына жүгінуге құқылы.

24. Кезекшілік кестесіне енгізілген адвокаттың дәлелді себептер бойынша өз міндеттерін атқару мүмкіншілігі болмай, оның өтініші бойынша Жауапты адам оны кестеде басқа адвокатпен алмастыра алады.

25. Кезекшілік кестесі адвокаттар үшін міндетті болып табылады.

26. Кезекшілік күні адвокат кезекшілік кестесінде көрсетілген телефон арқылы онымен байланысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге және оған жіберілген тағайындауларды қабылдауға міндетті.

4) Тағайындауларды бөлу бойынша осы Ережені айналып өтіп әрекет етуге жол берілмеуі

27. МКБЗК көрсету туралы келісім жасасқан және адвокаттар Тізіміне, сондай-ақ кезекшілік Кестесіне енгізілген адвокат:

1) «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы тапсырма қабылдау жағдайларын және осы күні кезекшілік кестесіне енгізілген адвокаттың заңнамада көзделген шұғыл тергеу жұмыстарына қатысу қажеттілігін қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың, соттардың және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын (ұйғарымдарын) дербес қабылдауға;

2) Жауапты тұлғаның рұқсатынсыз МКБЗК көрсетуге қабылданған тағайындауларды басқа адвокаттарға өз бетінше беруге құқылы емес.

3. Адвокаттардың МКБЗК көрсету тәртібі

1) МКБЗК көрсету стандарттары мен сапа өлшемшарттары

28. МКБЗК көрсету кезінде адвокат Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 427 бұйрығымен бекітілген Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы мынадай ең төмен әлеуметтік стандарттардың нормалары мен нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етеді:

1) «құқықтық ақпарат беру» ең төмен әлеуметтік стандарты;

2) «құқықтық консультация беру» ең төмен әлеуметтік стандарты;

3) «адвокаттардың, заң консультанттарының жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауы мен білдіруі» ең төмен әлеуметтік стандарты.

29. МКБЗК көрсету кезінде адвокат Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 1454 бұйрығымен бекітілген МКБЗК көрсету сапасының өлшемшарт тарын сақтауды қамтамасыз етеді.

30. Көрсетілетін МКБЗК сапасын бақылауды жүзеге асырады:

1) уәкілетті орган (Заңның 23-бабының 14) тармақшасы);

2) Алқалар (Заңның 50-бабы 4-тармағының 3) тармақшасы).

2) Адвокатпен көрсетілген МКБЗК-н есепке алу

31. Құқықтық ақпарат беру, соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру, клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттер жасау түріндегі адвокатпен көрсетілген МКБЗК-н есепке алуды жүргізу Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 бұйрығымен бекітілген Адвокаттармен көрсетілетін мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Есепке алуды МКБЗК есепке алуды жүргізу тізілімінде қағаз және электронды жеткізгіште мемлекеттік не (немесе) орыс тілдерінде жүргізіледі. Тізілім нысаны осы тармақта көрсетілген Қағидаларға қосымшамен бекітілген.

32. Адвокаттың құқықтық консультация беру түрінде көрсеткен МКБЗК есепке алу Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1463 бұйрығымен бекітілген Адвокат немесе заң консультанты көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тізілімінің нысаны осы тармақта көрсетілген Қағидаларға №1 қосымшамен бекітілген.

33. Адвокаттар ай сайын өздері көрсеткен МКБЗК туралы есепті «Е-Заң-көмегі»АЖ арқылы есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей қалыптастырады.

3) МКБЗК алуға кепілдіктерді қамтамасыз ету

34. Заңның 27-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, 37-бабына сәйкес адвокат МКБЗК-ге мұқтаж адамға мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілген мәселенің құпиялылығын қамтамасыз етеді және МКБЗК көрсетуге қатысты адвокаттық құпияны сақтауға міндетті.

35. Заңның 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес МКБЗК-не мұқтаж адамның сұрау салуы бойынша адвокат оған өз құқықтары, міндеттері және МКБЗК көрсету шарттары туралы ақпарат береді.

36. Келесідей жағдайларды қоспағанда, адвокаттың МКБЗК көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ:

- 1) мүдделер қақтығысы болған кезде (Заңның 33-бабының 8-тармағы);
- 2) процестік заңнамада көзделген, адвокаттың іске қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде (ҚПК-нің 66-бабының 4-бөлігі, АПК-нің 59-бабының 3-бөлігі).

37. Заңның 27-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес адамның МКБЗК-ін алу құқығын және тиісті растайтын құжаттардың бар-жоғын тексеруді өтінішхат келіп түскен және МКБЗК шеңберінде адвокат тағайындау туралы қаулы немесе ұйғарым шығаратын орган жүргізеді.

38. Адвокат мынадай негіздердің бірі болған кезде МКБЗК-ін құқықтық консультация беру түріндегі көрсетуден бас тартады:

1) өтініш беруші Заңның 26-бабының 2-тармағында көзделген мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар адамдар санатына жатпайды;

2) өтініш берушінің өтініші құқықтық сипатта емес.

39. МКБЗК-ін құқықтық консультация беру түрінде көрсету адвокаттың қызметтік үй-жайында өтініш беруші жүтінген сәтте тікелей жүзеге асырылады.

40. Егер ол жүріп-тұруындағы қиындықтарға байланысты ауыр науқасы, мүгедектігі немесе өзге де мән-жайлар салдарынан адвокат белгілеген қабылдау орнына келе алмайтындай жағдайда болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде жүргізілуі мүмкін.

41. Өтініш беруші өтініш бергеннен кейін тікелей МКБЗК-н көрсету мүмкін болмаған жағдайда, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуі тиіс. Өтініш берушіге қол жетімді нысанда адвокат қабылдау күні мен уақыты туралы хабарлайды.

42. Тұлға сол бір мәселе бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады.

43. Заңның 27-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес адвокат, егер ол көрсетілетін адам МКБЗК-ін алудан бас тартуды мәлімдеген жағдайда, МКБЗК-ін көрсетуді тоқтатады.

4) МКБЗК көрсету барысында адвокаттар арасындағы өзара байланыс

44. МКБЗК шеңберінде тағайындау бойынша заң көмегін көрсететін адвокат осы іс бойынша ақылы негізде заң көмегін көрсететін адвокаттың қатысқаны туралы белгілі болған жағдайларда, ол адвокатпен байланысуға және оның тағайындау бойынша адвокатқа ауыстырылуының себебін анықтауға міндетті.

45. Шарт бойынша өтеулі негізде заң көмегін көрсетуге кіріскен адвокат бұл туралы МКБЗК шеңберінде клиентке тағайындау бойынша заң көмегін көрсететін адвокатты дереу хабардар етуге міндетті.

46. Осы іске шарт бойынша өтеулі негізде заң көмегін көрсететін адвокат қатысқан жағдайларда, тағайындау бойынша адвокат клиентке оның МКБЗК бойынша заң көмегінен бас тарту құқығын түсіндіруге міндетті.

МКБЗК шеңберінде заң көмегін көрсетуге кіріскен адвокат істі жоғары тұрған сот инстанцияларында қарау кезінде бұл туралы бұрын шарт бойынша өтеулі негізде алдыңғы инстанциялардағы клиенттерге заң көмегін көрсетуді жүзеге асырған адвокатты (адвокаттарды) не егер адвокат (адвокаттардың) байланыс деректері оған қол жетімсіз болып табылса, тиісті Алқаны хабардар етуге міндетті.

5) МКБЗК көрсету барысында адвокаттың сотпен және процесті жүргізетін органдармен өзара байланысы

47. МКБЗК бойынша заң көмегін көрсетуге кіріскен адвокат бұл туралы қылмыстық процесті жүргізетін тиісті органды, сотты, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органды (лауазымды адамды) дербес хабардар етеді.

48. Адвокатпен МКБЗК көрсете бастағаннан кейін процестік әрекеттердің немесе сот отырыстарын өткізудің күндері, уақыты мен орны туралы одан әрі хабарлауды қылмыстық қудалау органы, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдармен (лауазымды адам) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады және осы Ережемен реттелмейді.

6) МКБЗК алуға құқығы бар адамдардың санаттары

49. МКБЗК-ін құқықтық консультация беру түрінде алуға құқығы бар адамдардың санаттары Заңның 26-бабының 2-тармағында көрсетілген.

50. Соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және өкілдік ету түрінде МКБЗК алуға құқығы бар адамдардың санаттары Заңның 26-бабының 3-тармағында көрсетілген.

51. Аталған адамдар тұрғылықты жеріне және орналасқан жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында МКБЗК алуға құқылы.

52. МКБЗК-не мұқтаж адамның мүддесі үшін заңдарда белгіленген тәртіпте көмек көрсету туралы өтінішпен оның өкілі жүгіне алады.

7) МКБЗК жүйесі арқылы төленуге жататын заң көмегінің түрлері

53. Адвокат көрсететін заң көмегінің мынадай түрлері бюджет қаражаты есебінен төленуге жатады:

1) Заңның 26-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жеке тұлғаларға құқықтық консультация беру;

2) **Заңның 26-бабының 3-тармағымен** көзделген жағдайларда жеке тұлғаларды қорғау және өкілдік ету.

4. МКБЗК ақы төлеу

1) МКБЗК ақы төлеу тәртібі

54. МКБЗК ақы төлеу Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1462 бұйрығымен бекітілген Адвокат, заң консультанты көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

55. Адвокат көрсететін МКБЗК ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу бойынша адвокат өтінішін адвокат Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Е-Заң-көмегі»АЖ нысаны бойынша электрондық форматта өзі толтырады және көрсетілген Қағидалардың

5-тармағында көзделген құжаттарды қоса беру арқылы аумақтық әділет органына жолдайды.

56. МКБЗК көрсеткені үшін адвокатқа ақы төлеу үшін негіздер:

1) қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндіріс сатысында қорғау және өкілдік етуге байланысты адвокаттың шығыстарын өтеу және заң көмегін төлеу туралы қаулы;

2) әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаны қорғаумен байланысты адвокаттың шығыстарын өтеу және заң көмегін төлеу туралы қаулы;

3) күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға, ақталушыға немесе жәбірленушіге заң көмегін көрсету бойынша ақы төлеу және сот қарастырған қылмыстық іс бойынша қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулы;

4) азаматтық, әкімшілік іс бойынша заң көмегін көрсетуге ақы төлеу туралы сот ұйғарымы, сондай-ақ конституциялық іс жүргізу және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу шеңберіндегі қаулы;

5) адвокаттың құқықтық кеңес беру бойынша атқарған жұмысы туралы актілер.

57. Адвокат өзі көрсеткен және төлеуге жататын МКБЗК туралы мәліметтердің дұрыстығына дербес жауапты болады.

2) МКБЗК төлем мөлшері

58. МКБЗК қаржыландыру және төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

59. Адвокат көрсеткен МКБЗК ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 434 бұйрығымен бекітілген.

5. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

60. МКБЗК-не мұқтаж адамның заңда көзделген тәртіппен МКБЗК көрсететін адвокаттың әрекетіне не әрекетсіздігіне шағымдануға құқығы бар.

61. Осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұзу адвокат үшін **«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңда және өзге де құқықтық актілерде** белгіленген тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Қорытынды ережелер.

62. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және адвокаттар алқасының Жарғысында көзделген тәртіппен шешіледі.

63. Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2024 жылғы 19 ақпандағы шешімімен бекітілген осы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісілген күннен бастап келесі күні күшіне енеді.